

СОДОКЛАД

«А.Байтұрсыноватындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті» РМК

РГП «Костанайский
государственный университет
имени А.Байтұрсынова»

АНЫҚТАМА

ғылыми кеңес отырысына
21.06.2019 ж.
Қостанай қаласы

СПРАВКА

на заседание ученого совета
21.06.2019 г.
город Костанай

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бойынша тәрбиелік жұмыстың тиімділігі туралы»

«Халық өмірі оның келесі ұрпағымен жалғасып отырады. Сондықтан Халықтың Мәңгілігі туралы арманнан асқақ арман жоқ. Мәңгілік Ел - бұл ертеңгі күнге есік ашатын, болашаққа сенімді арттыратын идея, бұл - кері қайтпайтын және берік тұрақтылықтың символы...»

Мәңгілік Ел, бұл - жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің Отанымыз бір, ол - Тәуелсіз Қазақстан, біздің еліміз бір - тағдырымыз ортақ. Бейбітшілік пен келісімнің ұлы ісіне адал халықтың ғұмыры мыңжылдықтарға жалғасады. Аталмыш тәрбие жұмысының бағытында университетіміздің Шағын студенттік Ассамблеясы «Тарихи сананы жаңғыртудың 6 жобасы» атты дөңгелек үстел өткізді. Тақырыптың маңыздылығын түсініп, біздің студенттерді осы іс-шараға қатысуға тілек білдірді. Студенттерге өз ойларымен бөлісіп, бағыттың бар болмысын Жақып Қалқаман Хасенұлы ұғындырып өтті. Сонымен қатар, ғылыми кітапханада барлық факультет студенттерінің қатысуымен поэтикалық кеш өтті. Бұл кеште көптеген студенттер әртүрлі ұлттың ұлы ақындарының өлеңдерін өз тілдерінде оқып, біршама рухани байып қалды. Достық пен бірлігі дәріптеп, бейбіт заманды қастерлеуге міндетті екенімізді студенттер өз шығармашылықтарында да айтты.

Ұлыстың ұлы күні-бүгінде бренд! Себебі жаңаша заман деп жан-жаққа тараған жастардың басын қосып, достық пен бірліктің символына айналып отыр. Жыл сайын университетімізде арадағы бірлікті нығайту үшін, бейбітшіліктің әр таңын қадірлеуді естен шығармас үшін, Наурыз мерекесін кең көлемде тойлап өтеміз. 2019 жылы да біздің студенттер барлығы бір

үйдің баласындай мерекені дүркіретіп атап өттік. Университетіміз үздік киіз үйлер сайысында жүлделі 2 орынды жеңіп алды. Ол жерде мақсат киіз үйге жиналып алып, шоу көрсету емес, өскелең ұрпаққа, халыққа бір шаңырақ астында қуанышы мен қайғысын бірге бөлісетін ең асыл қасиетті дәріптеу. «Ай қарагөз» театр үйірмесінің бүлдіршіндерімен бірге университетіміздің оқытушылары баршаға бірлік те, тірлік те отбасы-ошақ қасынан нәр алып, Отан оттан басталатынын насихаттады. Осындай бірлікті тірлікте ғана біз мәңгілік ел болып қала бермекпіз!

Мәңгілік Ел, бұл -Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы. Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз. Біз Қазақстан халқының мәдени әралуандығын арттыра түсеміз. Біз мемлекеттік тілді қоғамды біріктірудің негізі, үштілділікті Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде дамыту қағидатын ұстанатын боламыз. Гуманитарлық-әлеуметтік факультетінде жыл сайын өткізілетін «Кадрдағы тарих» атты танымдық саяхатында біздің студенттер сүйікті Қостанайдың Жеңіс саябағындағы алаңға барды. Негізгі ұйымдастырушылар болып табылатын шетел филологиясы кафедрасының оқытушылары студенттерге тарихтың маңыздылығын, тарихымызды біле отырып, қастерлей отырып қана үлкен жетістіктерге жететінімізді айтып, экскурия бойы өлкеміздің тарихын, батырларымыздың өмірбаяндарын үлгі етіп, жастар санасына сіңірді.

Сонымен қатар, гуманитарлық-әлеуметтік факультеті университетіміздің барлық студенттері арасында, Zoom-байланыс, «The day of languages in Kazakhstan», Аризона сынды керемет байқаулар ұйымдастырды. Жыл сайын өткізілетін аталмыш сайыстар студенттердің өзге тілге деген қызығушылығын арттырып, өзінің білімін жетілдіруге, көптілді тұлға болуға ұмтылуға септігін тигізеді. Біздің студенттеріміздің талабы таудай. Қазақ, орыс тілдерінде тоқтап қалмай ағылшын, неміз, француз және тағы да басқа тілдерді үйренуге құштар. Сондықтан, жоғарыда аталып өткен байқаулар, шаралар- Мәңгілік ел жастарының өркендеп өсуіне, кемел келешек пен жарқын болашақтың мықты азаматы болуына көмегін тигізетін ең негізгі фундаменттердің бірі.

Студенттеріміз ұлттық құндылықтан да қапы қалған емес. Аталмыш жыл Әбділда Тәжібаев, Әбу Насыр Әл Фараби сынды ұлы тұлғаларымыздың мерейтойы. Гуманитарлық әлеуметтік факультетінің ұйымдастыруымен Әбділда Тәжібаевтың 110- жылдық мерейтойына арналған «Жырым сенсің дариядай таусылмас» атты 4 бағытты байқау болып өтті. Бұл шара біздің тәрбие жоспарымызда болмаған. Өз тарихымызды жаңғырту мақсатында университет бойынша «Эссе» байқауы, дөңгелек үстел, кітап көрмесі өтті. Үш шараның қорытындысы ретінде «Әбділда оқулары-2019» атты кең

көлемде ақынның өлеңдер байқауы өткізілді. Мұнда Рудный индустриалды институты, Ө.Сұлтанғазин атындағы ҚМПУ, М.Дулатов атындағы ҚИЭУ және біздің студенттер қатысып бақ сынасты. Яғни, бұл жерде бізде мақсат, жастардың санасына ұлттық құндылығымызды, байлығымызды бағалай отыра ғана біз болашақта жаңа белестерді еңсеріп, өзге тілдерді де үйреніп, түрлі білімге қол жеткізетіндігімізді насихаттау. Сонымен қатар, студенттеріміз «Бір ел-бір кітап» акциясына қатысты. «Латын қарпіне көшу-рухани жаңғырудың жолы» атты дөңгелек үстелде де өздерінің озық жастар екендіктерін дәлелдеді.

Әрине, мұнымен Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асыру бойынша шаралар тоқталып қалмайды, біз алдағы уақытта да барлығымыз жұмыла жұмыс атқарамыз. Жалпы ұлттық идеяның тиімділігін көру үшін, сондай-ақ, университетімізде ынтымақ орнауы және өскелең ұрпақ санасында ұлттық ұғым жаңғыруы үшін барлық факультет студенттерін қамти отырып, шаралар өткіземіз.

**ГӘФ деканының Тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары**

Бұхарбаева Г.Ж.